

Төлеби ауданы
«Бәйшешек» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

01-16

**Менгеруші жаңындағы кеңестің
хаттамалары**

**5 жыл СТК
16 тармақ (14)**

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар
және олармен бірдей
электрондық құжаттар

2023-2024
оку жылы

Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

№1 хаттама

Откізілген күні: 06 – қыркүйек, 2023 жыл.

Катысқандар: Бебекжай менгерушісі Булекбаева Ж.А., әдіскер Бектемирова А.Е., медбике Потапова Н.В., шаруа менгерушісі Арсланова А., балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Катысқандар саны: 16

Катыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі ұйымның Нормативті-құқықтық құжаттарын талдау.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларын жоспарға сай бекіту
4. Салыстырмалы бақылау нәтижесі. Ортаңғы топтарда

Тындалды: Жиналысты бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердікызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бебекжай әдіскері Бектемирова А.Е. сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымда басшылыққа алынатын Нормативті-құқықтық құжаттар туралы айтЫП, таныстырыды. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2023 – 2024 оқу жылына арналған 26-шілдеде 7-хаттама негізінде ұсынылған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытууды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырыды.

"Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбілер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № КР ДСМ-59 бұйрығы , Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы және т.б. басшылыққа алынып, орындауға тиісті нормативтік құжаттарда не талап етілетіні жайлы түсіндірді.

Жарыссызге шыққандар: медбике Потапова Н.В. сөйлеп, балалар денсаулығына және әр қызметкердің денсаулығына көп көңіл бөлініп, барлық қауіпсіздік шараларын сақтауға ұсыныс айтты.

Тәрбиеші Г.Серикбаева сөйлеп, биылғы оқу жылында бала жасының ерекшеліктері әр топта қандай болу керек деген сұрақ қойып, жауап алды.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бебекжайдың менгерушісі Булекбаева Ж.А. сөйлеп, «1 – қыркүйек Білім күні» мерекесі жана

оку жылында ата – аналардың қатысуымен мерекелік іс-шара өтіп, барлық топтың жас ерекшеліктеріне қарай тақпақтар айтылып, мерекеге сай балалардың өнерлері көрсетілгені, жалпы «Білім күні» мерекесі өз деңгейінде жақсы өткені туралы айтып, біршама толықтыру жұмыстары да жүргізілу керектігін де айттып өтті.

Жарыссе зеңгілдіктері: әдіскер Бектемирова А.Е. сөйлем, оку – тәрбие жұмыстарын жүргізуге көп ізденип, тәжірибе жинақтау керек екені жайлы ұсыныс айтты.

Сөйлемді: **күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша бебекжайдың менгерушісі Булекбаева Ж.А. сөйлем, жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларымен таныстырыды. Педагогтар әр топта өтілетін ертеңгіліктерді өз деңгейінде өткізуін талап етіп, жоспарды бекітті.

Сөйлемді: **күн тәртібіндегі тәртінші мәселе** бойынша бебекжайдың әдіскері Бектемирова А.Е. сөйлем, ортаңғы топтарда салыстырмалы бақылау нәтижесі жайлы айтты. Ортаңғы «Балапан» және «Балбөбек» топтарында үлгілік оку бағдарламасын балалардың менгеру деңгейі, тәрбиешінің оқыту әдістемесі, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай өз алдына жұмыс жасау қабілеті, тәрбиешілердің іс – құжаттарды жүргізуі, ата- аналармен байланыс, апталық циклограмма бойынша жүргізілетін бағыт оку – тәрбие жұмыстары салыстырылғаны, екі топта да бала жасының ерекшеліктеріне қарай толық жұмыстар жүргізілуі қажеттілі салыстырмалы түрде айтылды және оку жылының ортасында тағы да салыстыру жұмыстары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, анықталатынын айтты.

Менгеруші жанындағы кенес жиналышының шешімі:

1. Бебекжайдың оку – тәрбие жұмыстары мектепке дейінгі ұйымның нормативті-құқықтық құжаттарын басшылықта алдынып жүргізілсін.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шаралары жоспарға сай бекітілсін.
4. Ортаңғы топтардағы салыстырмалы бақылау нәтижесі жақсы деп бағаланып, салыстырмалы бақылау жалғастырылсын.

Бебекжай менгеруші



Булекбаева Ж.А.

Бектемирова А.

Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

№2 хаттама

Откізілген күні: 04 – қазан. 2023 жыл.

Катысқандар: Бебекжай менгерушісі Булекбаева Ж.А., әдіскер Бектемирова А.Е. және балабақша тәрбиешілері

Катысқандар саны: 9

Катыспағандар саны: 1

Себептісі: 1 Себепсізі: жок

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартына талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оку қызметтер жоспарының жазылу үлгісін талдау.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен тәрбие жұмысының барысын бақылау туралы.

Тындалды: Әкімшілік жиналысты бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Сөйледі: **күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша бебекжай әдіскері Бектемирова А.Е. сөйлеп, мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай ұйымдастырылған оку жоспары қызметі жоспарының жазылу үлгісіне талдау жасады. Білім беру стандартының талаптарына сай әдістемелік хатта ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспары қалай құрылатыны көрсетілді. Тәрбиеші балаларды ұйымдастырып, өткен ұйымдастырылған іс-әрекеттерді естеріне түсіріп қайталайды. Бір тақырып аясында барлық дағдыларды кірістіріп жаңа ұйымдастырылған іс-әрекеттермен таныстырып үйретеді, арасында сергіту сәтін, тапсырмалар өткізеді. Корытындыда ұйымдастырылған іс-әрекеттерін пысықтап, балалармен сұрақ-жауаптар жүргізу немесе дидактикалық ойын арқылы да қорытындылауға болады деді. Осы жазылу үлгісіне қарап, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу керектігін түсіндірді. Циклограммада күні бойы жүргізілетін іс-шаралар, жұмыстар жоспарланатынын айтып өтті.

Жарыссеңге шыққандар: Тәрбиеші А.Жунисбекова сөйлеп, шығармашылық дағды, яғни сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру іс-әрекеттерін кірістіріп өту туралы сұрақ қойып, қажетті жауап алды.

Сөйледі: **күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша менгеруші Булекбаева Жанар Акбердіқызы сөйлеп, ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен тәрбиелік іс-

шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті іс-әрекеттердің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Күнделікті іс-әрекеттер үйымдастырылған іс-әрекеттер кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда, кейбір тәрбиешілердің балалармен жұмыс жасау дайындығы төмендеу болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту атылады.

Менгеруші жанындағы кеңес жиналышының шешімі:

1. Үйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспарлары мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай жүргізілсін.
2. Үйымдастырылған іс-әрекеттері мен тәрбие жұмыстарының барысын бақылау жалғастырылсын.

Бебекжай менгеруші.

Хатшы:



Булекбаева Ж.А.

Бектемирова А.

Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

№3 хаттама

Откізілген күні: 07 – қараша 2023 жыл

Қатысқандар: Бебекжай менгерушісі Булекбаева Ж.А., әдіскер Бектемирова А.Е., медбике Потапова Н.В., шаруа менгерушісі Арсланова А. және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 14

Қатыспағандар саны: 2

Себептісі: 2 Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы. Жедел бақылау.
2. «Алтын күз» ертеңгілігінің қорытындысы.
3. Дөңгелек үстел: «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары»

Тыңдалды: Менгеруші жанындағы кеңес жиналысын бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Сөйледі: **күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша бебекжай медбикесі Потапова Наталья Васильевна сөйлеп, балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айтЫП қорытындылады. Топтардың тазалық талаптарын орындаулары бойынша нұсқаулықта көрсетілген талаптардың орындалуы жайлы айтты. Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады. Қол сұрткіштер бір рет қолдануға арналған саны жеткілікті.

Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп тұр. Топтардың, жатын бөлмелердің, асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты. Күнделікті ылғалды тазалау, аптасына күрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындамай қалған қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп, түзетілді деп айтты.

Жарыссызге шыққандар: Бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы сөйлеп, балалардың күнделікті тазалығын, тырнақтарының өспеуін, шаштарының тазалығын қарауды тапсырды. Қолдарын таза жууды, бір реттік сұлғіні дұрыс пайдалануды қадағалау керектігін айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың барлық топ тәрбиешілерінен апайлар сөйлеп, «Алтын күз» мерекесінің ертеңгілігінің мақсаттарымен, өткізу барысымен таныстыруды. Сценарий бойынша әр топ жеке-жеке өткізді және балалар қандай әндер айтып, билер, тақпақтар, ойындар ойнатылғанын айтып өтті. Ертеңгілікке санитарлық талаптар сақталынып, ата – аナンЫң қатысумен жақсы өткенін айтты.

Жарысқөзге шыққандар: тәрбиеші Кудайбергенова Куляш Маликовна ертеңгіліктердің өте қызықты өткенін, ата-аналарға да, балаларға да ұнағанын айтты. Тәрбиеші Серикбаева Гульнара Сатыпалдыевна ертеңгілікте безендіру жұмыстары өте керемет болғанын айтты.

Әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөз алышп, биылғы оқу жылын ерекше түрде ата-аналардың қатысусымен әр топтың атаулары мен топтардың жұмыстарына ат қойылып, «Күзгі бақ» тақырыбында керемет көрме үйымдастырылғанын, сонымен бірге ертеңгіліктердің сценарий жақсы құрылғанын, балалар күз мезгілінің берекесін, молшылық, көп өнім беретінін түсініп, қызықты өтілгенін айтып өтті.

Осы сәтті пайдаланып, бөбекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Ақбердіқызы әр топ балаларының ата-аналарымен жасаған жұмыстарын және ертеңгілікті өткізу барысындағы тәрбиешілердің енбектерін бағалап, топтарға орын беріп, «Ең үздік» топқа «Балапан» тобы лайықты екенін айтып, кубок марапатын сыйлап, әр топты жеке-жеке мадақтамалар мен сыйлықтармен марапаттады. Булекбаева Жанар Ақбердіқызы кубок әр мереке, ертеңгіліктер мен іс-шаралар нәтижесінде үздік топтарға эстафета ретінде ұсынылатынын, сол үшін алда жоспар бойынша жасалатын басқа да жұмыстар да бұдан да жақсы нәтиже көрсететіндеріне сенімді екенін айтты. Топ тәрбиешілері ризашылықтарын білдіріп, алдағы жұмыстарда жоғары дәрежелер көрсетуге бар құштерін салатындарын айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Бектемирова Ақбота «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары» тақырыбында дөңгелек үстел өтетінін айтып, жаңартылған бағдарламаның әдіс – тәсілдерімен пікір бөлісуге шақырды.

Жарысқөзге шыққандар: тәрбиеші Турдалиева Гулжан сөйлеп, Педагогикалық шеберлік орталығында оқыған 4К моделінің бағыттары сынни ойлау, командамен жұмыс, креативті ойлау, коммуникативті дағдыны үйымдастырылған іс-әрекеттерде қалай қолдану керектігі жайлы өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті.

Тәрбиеші Наримбаева Улжалас педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын, құрымдалған ойын, еркін ойындардың қалай ойналатыны туралы бөлісті.

Шеберлік орталығында білімін жетілдірген педагогтардың барлығы өз тәжірибесімен бөлісіп, пікірлерін ортаға салды.

Менгеруші жаңындағы кеңес жиналышының шешімі:

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы жақсы деп бағаланып, бақылау жалғастырылсын.
2. «Алтын күз» ертеңгіліктерінің өтілуі жақсы деп бағалансын.
«Ең үздік топ» кубогы мереке, ертеңгіліктер мен іс-шаралар нәтижесінде үздік топтарға эстафета ретінде ұсынылу жалғастырылсын.
3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары ұйымдастырылған оқу қызметтерінде қолданылсын.

Бебекжай менгерүнісі

Хатшы:



Булекбаева Ж.А.

Бектемирова А.

Менгеруші жаңындағы кеңестің хаттамасы

№4 хаттама

Откізілген күні: 08- желтоқсан 2023 - жыл.

Катысқандар: Бебекжай менгерушісі Булекбаева Ж.А., әдіскер Бектемирова А, медбике Потапова Н.В., шаруа менгерушісі Арсланова А.М., балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Катыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру
2. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен кіші топтардағы жана – жылдық ертенгіліктерді бекіту.

Тындалды: Жиналысты бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

Сейледі: **күн тәртібіндегі бірінші мәселе** қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру туралы балабақша медбикесі Потапова Наталья Васильевна сөйлемді. Балабақша қызметкерлерін балалардың қыс мезгілінде жарақаттанбауы үшін қандай нұсқаулықтарды сақтау керектігін айтЫП, ережемен таныстыруды. Балаларды серуенге алыш шығар алдында ойын алынының, жолдардың мұз қатып, сырғанақ болмауын, шатырлаардан мұз тамшыларының құлау қаупінің жоқ екендігіне көз жеткізіп, міндетті түрде тексеріп шығу керек. Балалардың қауіпсіздік ережесінің сақталуы үшін ғимаратқа жақын жерде ойнатпау керек деді. Балаларды қыс мезгіліне сай жылы, әрі ыңғайлы, аяқ киімдері сырғанақ болмауы керектігі туралы ата - аналармен сөйлесуге кеңес берді..

Сейледі: **күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша балабақшаның топ тәрбиешілері кезегімен сөйлеп, «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жана – жылдық ертенгіліктердің өту барысымен ақылдасты.

Тәрбиешілердің ұсыныстары мен өтініштері бойынша «Тәуелсіздік – тірегім» ертенгілігі барлық топтардың қатысуымен өткізілетіні және балалар Отан, Қазақстан, тәуелсіздік туралы әндер орындал, тақпақтар айтЫП, би өнерлері көрсетілетіні талқыланып, мерекелік іс-шараның сценарийі бекітілді.

Ал, жана жылдық мерекелер үлкен екі топтардың балалары ата-аналардың өтініштері бойынша «Фиркан» ойын-сауық орталығына барып, сол жақта «Жана жылдық шырша» мерекесі үйымдастырылатыны, жолда бару және қайту, ойын-

сауық орталығындағы балалардың денсаулықтары, ойнау және көніл-күйлері, қауіпсіздік шараларының барлығы талқыланып, шешілді. Қалған екі ортанғы топтар балабақшада жоспарға сай «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыбында ата-аналардың қатысуымен ертеңгілік өткізілетіні айттылып, сценарий жоспарлары талқыланды.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Жунисбекова Ақдидар сөз алып, «Тәуелсіздік күні» мерекесінің жүргізушісі ретінде жауапкершілікті алып, іс-шараның сценариймен таныстырып өтті, барлық топтардан нөмірлер алынып, әр топ іс-шараға жақсы дайындық үстінде екенін айттып өтті.

МАД және ересек топ тәрбиешілері Кудайбергенова Куляш және Серикбаева Гульнара жаңа жылдық жоспар бойынша «Фиркан» ойын-сауық орталығына бару туралы ата-аналармен жалпы жиналыс жүргізілгендерін және барлық ата-аналардың өтініштері мен ұсыныстары әр ата-ананың қолымен жазылып, қағаз жүзінде жинақталып жатқаны айттылды.

Менгеруші жанындағы кенес жиналысының шешімі:

1. Қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына арналған нұсқаулықтар әрдайым сақталынын.
2. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен кіші топтардағы жаңа – жылдық сценарийлері бекітілсін.

Бебекжай менгеруші

Булекбаева Ж.А.

Хатшы:

Бектемирова А.



Кезектен тыс
Менгеруші жаңындағы кеңестің хаттамасы

Откізілген күні: 01 – желтоқсан, 2023 - жыл.

Қатысқандар: Бебекжай менгерушісі Булекбаева Ж.А., әдіскер Бектемирова А., медбике Потапова Н.В., шаруа менгерушісі Арсланова А.М., балабакша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 15

Қатыспағандар саны: 1

Себептісі: 1 Себепсізі: жок

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Сатып алынған заттар туралы.
2. Тауарларды сатып алу туралы актінің тұзілуі.

Тыңдалды: Жиналысты бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердікызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Сөйлемді: **күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе** бойынша бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердікызы сөз алғып, 2023-2024 оку жылында бебекжайымызға мемлекеттен жаңадан балаларға жатын төсектер мен топтарға біршама жиһаздар бөлініп, топтардың барлығы өзгертілгенін еске түсірді. Биылғы жаңа жылда мемлекеттен қаржы бөлініп, бебекжайымызға көптеген жаңа заттар мен тауарлар, қажетті материалдар сатып алынғанын айтты.

Жарыссызге шыққандар: бебекжай Әдіскері Бектемирова Акбота Есенгельдыевна сөйлеп, бебекжайымызда тәрбиелеу-білім беру процесін үйымдастыруда педагогтерге түрлі балалар әрекетін үйымдастыру арқылы балаларды дамыту үшін сұраныс хаттар жазылып, бұйрықтар шығарылып, топтарға екі интерактивті тақталы панель және әдістемелік кабинетке түрлі-түсті принтер мен компьютер сатып алынғанын айттып өтті.

Шаруа менгерушісі: Арсланова Альмира Муллахмедовна сөз алғып, қараща айнының 22-23 жүлдүздарында бебекжайымыздың қажеттіліктеріне қарай заттарды жаңалау, ауланы әрлендіру, топтар мен ас бөлме, кір жуу бөліміне қажетті заттарды алу туралы сұраныс хаттар мен сметалар түзіліп, бұйрықтар шығарылып, тізім бойынша керекті заттар сатып алынғанын атап айтты.

Медбике: Потапова Наталья Васильевна сөз алғып, бебекжайымыздың балалардың денсаулықтарын сақтау, қадағалау және емдік шаралар көрсету мақсатында сұраныс хаттар жазылып, қажетті дәрі-дәрмектер мен ингредиенттер сатып алынғанын айттып өтті.

Күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша Төлеби ауданының білім бөлімінің «Бәйшешек» бөбекжай-бақшасы МҚҚҚ-нында комиссия құрылдып, комиссия төрайымы бөбекжай-бақша менгерушісі Ж.А.Булекбаева, мүшелері әдіскер А.Е.Бектемирова, кәсіподак үйымының төрайымы У.А.Наримбаева, шаруа менгерушісі А.Арсланова, медбике Н.В.Потапова және топ тәрбиешілері «Бәйшешек» бөбекжай-бақшасына сатып алған барлық тауарлардың қажет екенін растап, осы жөнінде акті түзілді.

Кезектен тыс менгеруші жанындағы кеңес жиналышының шешімі:

1. Сатып алған заттар қолданылсын және ұқыпты, таза қолданылуы міндеттесін.
2. Алынған барлық тауарлар бөбекжай-бақшасы үшін қажетті деп табылсын.
Тауарларды сатып алу туралы акті түзілсін.

Бөбекжай менгеруші

Хатшы:



Булекбаева Ж.А.

Бектемирова А.

Кезектен тыс менгеруші жаңындағы кеңестің хаттамасы
№5 хаттама

Откізілген күні: 09.01.2024 жыл.

Катысқандар: Бебекжай менгерушісі Булекбаева Ж.А., әдіскер Бектемирова А.Е., медбике Потапова Н.В., шаруа менгерушісі Арсланова А., балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері.

Катыспағандары: жок

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен Жаңа – жылдық іс-шаралардың корытындысы.
2. Табиғат бұрышының жағдайы. Тірі табиғатты ұйымдастыру.

Тындалды: Менгеруші жаңындағы кеңесті бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы ашып беріп, жаңа 2024 үлу жылымен құттықтап, тілектер айтты. Күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Сейледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бебекжай әдіскері Бектемирова Акбота сөйлеп, «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық іс-шаралар мен ертенгіліктің өткізілген барысымен таныстырыды. "Тәуелсіздік - тірегім" ертенгілігінде балалар Отан, Қазақстан, тәуелсіздік туралы әндер орындаپ, тактикалар айттып, белсene қатысып, патриоттық билер қатысқанын айтты.

Ал, жаңа жылдық ертенгіліктер мен ойын-сауықта ұйымдастырылған мерекелік іс-шаралар да өз деңгейінде, барлығы ойдағыдай өткенін, ойын-сауықта Аяз ата, Ақшақар, Жаңа жыл, Мысық т.б. ертегі кейіпкерлері ертегі желісі бойынша сценариимен өнер көрсетіп, соңынан балаларға сыйлықтар таратылып, ойын алаңдарында еркін ойнап, мерекенің қызықты өткеніни айтты. Балабақшада да Жаңа жылдық ертенгіліктер өткізіліп, Кейіпкерлер ойындар ойнатып, тапсырмалар орындатып, әртүрлі билер билетіп, Аяз атанаң сыйлықтарын ку түлкіден құтқарып, балаларға өте қызықты болды. Ата-аналар да балаларының қуаныштары үшін қоپтеп келіп, балалардың көрсеткен өнерлеріне тамсанып, балабақша қызметкерлеріне өз ризашылықтарын білдіріп кетті.

Жарыссызге шыққандар: тәрбиеші Сатыпалдыева Гульнара сөйлеп, «Тәуелсіздік- тірегім» атты ертенгіліктің ұйымдастырылуы керемет болғанын және ертенгіліктен тыс Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасының жеткен жетістіктері туралы, тұған жер туралы МАД тобының балаларына қосымша түсіндірме жұмыстар жүргізілгенін айтты. Жаңа жылдық мерекелік іс-шаралар мен ертенгіліктер өз деңгейінде өтіп, балалар үшін өте көңілді, қызық брлғанын да айттып өтті.

Тәрбиеші Кудайбергенова Куляш Тәуелсіздік күніне арналған ертенгіліктің мән - мағынасы ертенгілік барысында ашып көрсетілді, балалардың өз мемлекетімізге деген мақтаныш сезімдері оянды деп айтты. Жаңа жыл

ертеңгіліктері балаларға көтерінкі көніл - күй қуаныш сыйлайтында жақсы дәрежеде өтті деді. Жақсы деп бағалайтынын айтты.

Тәрбиеші Жунисбекова Ақлидар «Тәуелсіздік күні» ертеңгілігі барысында балалардың тек Тәуелсіздік туралы түсініктері қалыптасып коймай, саңада қалай тұрууды, қалай өнерлерін көрсетуді үйренгенін айтты. Балалардың би билеп, ән айта білуіне апайлардың көп көмегі тиілі деді. Ертеңгілікке атсалыскан, көмегін көрсеткен барлық апайларға ризашылығын айттып, еңбектері көп болғанын айттып өтті, ертеңгіліктің өтілуін жақсы деп бағалап өтті.

Бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанарап Акбердікызы сөйлеп, мерекелік іс-шаралардың, ертеңгіліктердің өтілу барысы туралы айттып, қорытындылады. Ата - аналар еңбегімізді бағалап алғыс айтқанын және бұдан да жоғары дәрежеде өтуге ұсыныс айтты.

Сойледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бебекжай әдіскері Бектемирова Ақбота сөйлеп, бөбеюкайдағы табиғат бұрышының жағдайы туралы айтты. Барлық тоғтардың табиғат бұрышында бөлме гүлдері, гүлдерді күтіп баптайтын құрал - жабдықтар, жыл мезгілін, ауа - райын бақылайтын стендтер бар. Балаларды еңбекке баулуда тәрбие жұмыстары кезінде табиғат бұрышында кезекшілік бойынша еңбекке баулу жұмыстары жүруде деді. Алайда тірі жануарлар бұрышын ойластырысақ, яғни құстар, балықтар т.б. жок болып тұр, жануарлар бұрышын қалай ұйымдастырысақ болады деген ұсыныс айтты.

Жарыссе зеңгіліктердің шыққандары: **Тәрбиеші** Наримбаева Улжалас табиғат бұрышына арнайы қаржы бөлінбегендіктен топ тәрбиешілері колдан жасай алмайтындарын және әрине тірі бұрыш болса балаларды еңбекке тәрбиелеп кана қоймай, табиғатқа қамқор болуға үйренер еді деді. Тірі бұрыш жасауға қамқоршылық кеңеске ұсыныс тастап, демеушілер тарапынан ұйымдастырылып, деген ұсыныс айтты. Ұсынысты басқа педагогтар түгел қолдады.

Менгеруші жанындағы кеңес жиналышының шешімі:

1. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық тоғтардағы жаңа – жылдық мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктердің қорытындысы "жақсы" деп бағалансын.
2. Табиғат бұрышындағы тірі бұрыштар туралы Қамқоршылық кеңеске ұсыныс тасталып, демеушілер тарапынан ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізілсін.

Бебекжай менгерушісі:

Булекбаева Ж.А.

Хатшы:

Бектемирова А.



Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

№6 хаттама

Откізілген күні: 05- ақпан 2024 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай-бақша менгерушісі Ж.А.Булекбаева, әдіскер, медбике, шаруа менгерушісі, аспаздар, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатыспағандары: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.«Қыс қызығы» ойын – сауықтарын талқылау
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы, тамақтың сапасын бакылау
3. Балалардың шығармашылық жұмыстарын талдау

Тындалды: Менгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай-бақша менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Акбота Бектемирова сөйлеп, «Қыс қызығы» ойын – сауығының мақсатымен, өткізу барысымен таныстыруды. Ойын – сауыққа Қар ханшайымы, Аққала, Қасқыр, Тұлқі келіп сценарий бойынша катысып, ойын - сауықтың қызықты өтуіне әсерін тигізгенін, кейіпкерлер қыскы ойындар ойнатып, жарыстар жүргізілгені балаларға қызықты болғанын айтты. Балаларды таза қыскы ауада шынығып қана қоймай, қыс мезгілінің ерекшеліктерін танып, табиғатты қорғауға деген ынталары ояңғанын айтты.

Жарысқөзге шыққандар: тәрбиеші Мөлдір Шакирова сөйлеп, қыс мезгіліне арналған ойын – сауықтың қызықты өткенін, балалармен шанамен сырғанап, қармен ойнап денсаулықтарын шынықтыруды, әрі көңіл – күйлері көтеріліп қалды деді. Ойын – сауықтың өтілуін жақсы деп бағалады.

Тәрбиеші Ақдидар Жунисбекова ойын – сауықтың ұйымдастырылуы ете қызық болғанын және таң қалдыру сәтіне Қар ханшайымы, Аққала, Қасқыр, Тұлқі келіп ойындар ойнатып, қызықтырғаны жақсы болды деп айтты. Корытындысын жақсы деп бағалайтынын айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай кәсіподак комитетінің төрайымы Наримбаева Улжалас сөйлеп, тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы, тамақтың сапасын кәсіподак мүшелерінің бақылауарының нәтижесін айтты. Асхананың тазалығы талапқа сай. Ет туралын, нан, салаттар туралын тақтайшалар, ыдыс – аяқтар таңбаланып, бәрі дезинфекцияланып ережеге сай жуылады. Аспаздардың, асхана жұмысшысының киім формалары бар екенін, әр топқа берілетін тамақтардың таратылу кестесі құрылған, тәрбиеші көмекшілері топтарына тамақтарды алуға өз уақыттарында келіп тұратынын айтып, әр топқа астар да уақыттарымен берілгенін айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Акбота Бектемирова сөйлеп, балалардың шығармашылық жұмыстарына талдау

жасалғанын айтты. Балалардың шығармашылық жұмыстары ұйымдастырылған іс-әрекет өтіліп, қорытынды жасалып болған соң, ата – анаға көрінетіндегі жерде жасалынған көрмеге ілінетінін және келесі ұйымдастырылған іс-әрекетіне дейін ілулі тұратынын айтты. Балалалардың шығармашылық жұмыстары тігіліп, қай күні өтілгені, қанша бала қатысқаны жазылып, тігіліп қойылғанын айтты. Эр топта балалар жұмыстарының жинақталуы бақыланып, нәтижесін жақсы деп бағалады.

Менгеруші жанындағы кеңес жиналышының шешімі:

1. «Қыс қызығы» ойын – сауығы өз дәрежесінде жақсы өтілді деп бағалансын.
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы талапқа сай сақталынын.
3. Балалардың шығармашылық жұмыстары көрмеге ілініп, тігіліп, жинақталу жалғастырылсын.

Бебекжай-бақша менгеруші

Хатшы:



Булекбаева Ж.А.

Бектемирова А.Е.

Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы
№7 хаттама

Откізілген күні: 10 - наурыз 2024 жыл.

Қатысқандар: Бебекжай-бақша менгерушісі Ж.А.Булекбаева, әдіскер, психолог, медбике, шаруа менгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері.

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Бәйшешек» бебекжай-бақшасында өтетін семинардың тақырыбы мен мақсаты және ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыптарын бекіту
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы
3. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы

Тындалды: Менгеруші жанындағы кеңесті бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанарап Акбердіқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Акбота сөйлеп, алда өтетін семинардың тақырыбы мен мақсаты және ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыптарымен таныстырып өтті.

Семинар тақырыбы: «Баланы даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеністіктік ортада дамыту және тәрбиелу міндеттерінің бірлігі»

Мақсаты: Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыптары:

1. «Балалардың шығармашылық дағдылары арқылы экологиялық тәрбиені дамыту» (*Гүлдер базы*) Топ: «Балапан» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Наримбаева Улжалгас Абдиқалыкова, Спатаева Айнур Нышанбаевна;
2. «Ұлттық құндылық – тәрбиенің тұп қазығы» (*Әжеге қонаққа*)
Топ: «Звездочка» ересек тобы. Тәрбиешілер: Турдалиева Гульжан Даияловна, Кудайбергенова Куляш Маликовна;
3. «Вода – основа жизни» экспериментальная работа. Топ: «Вишненка» МАД тобы. Тәрбиешілер: Серикбаева Гульнар, Канапиянова Алия;

Жарыссызге шыққандар: тәрбиешілер Наримбаева Улжалгас, Турдалиева Гульжан, Серикбаева Гульнара сөйлеп, ездерінің өтетін ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің мақсаты мен өту барысы туралы және жасалынып жатқан дайындықтар туралы толық ақпарат беріп шықты.

Психолог Жайлаубаева Айгерим Муратовна келген қонақтарды қарсы алу кезінде жақсы көтерінкі көңіл-күй сыйлау мақсатында барлық педагогтарға

қабырғада жасалған «Көңілді көбелектер» бұрышынан түрлі түстегі көбелектерден бір түс тандап алуын көрсетіп, жиналу бөлмесіне мотивациялық табан белгілерімен адымдап, сөздерді оқып кірулерін ұсынатынын айтты. Барлық қонақтар жиналған соң, келген қонақтармен «Сыйлықта толы көңіл-күй» тренингін өткізілетінін де жоспарлап жатқанын айттып өтті.

Менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы, әр топта өткізілетін іс-әрекеттердің жақсы өтетініне сенімді екенін айттып, жалпы аудандық әдіс алмасу семинарының жоғарғы деңгейде болуына сәттілік тіледі.

Семинар жоспарлары мен тақырыптары бекітілді.

Сейледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшаның шаруа менгерушісі Арсланова Альмира сейлеп, азаматтық қорғанысқа байланысты өткізілетін іс – шаралармен таныстыруды. Бөбекжайда әр оку жылының басында азаматтық қорғанысқа байланысты іс – шаралар жоспары түзіліп, жер сілкінің, су тасқыны, боран соғуы, өрт шығу қаупі т.б. төтенше жағдайлар болғанда қалай сақтану, адамдарды қауіпсіз жерге орналастыру және қауіпті жағдайда кімдер неге жауапты болатынынын айттып берді. Апат кезіндегі сыртқа шығу картасымен таныстыруды. Сонымен қатар балалармен бөтен адамдармен сөйлеспеуге, шақырса бармауға, тәтті берсе жемеуге, от шығатын заттармен, қауіпті заттармен ойнамау туралы үнемі әнгіме жүргізу керектігі туралы айттып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Жунисбекова Ақлидар өрт сөндіргіш баллонды қалай қолдану жайлы сұрап қойып, сұрағына жауап алды.

Сейледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша медбике Потапова Наталья сейлеп, балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы туралы айтты. Санитарлық талаптың орындалуы, дезинфекция талаптарының орындалуы, ылғалды сұрту жұмыстары, күрделі тазалау жұмыстарының жүргізілуіне күнделікті бақылау жүргізіліп, бағаланып, ескерту шаралары сол кезде айттылып кететінін айтты.

Менгеруші жанындағы кеңестің шешімі:

1. Бөбекжай-бақшасында өтетін семинардың тақырыбы мен мақсаты және ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыптарын бекітілсін.
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы «жақсы » деп бағалансын.
3. Бөбекжай-бақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы талапқа сай деп бағаланып, санитарлық талап үнемі сақталынсын.

Бөбекжай-бақша мениндиңін

Хатшы:

Булекбаева Ж.А.

Бектемирова А.Е.



Менгеруші жаңындағы кеңестің хаттамасы
№8 хаттама

Откізілген күні: 08 - сәуір 2024 - жыл.

Қатысқандар: Бебекжай-бақша менгерушісі Ж.А.Булекбаева, әдіскер, психолог, медбике, шаруа менгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері.

Қатыспағандар: жок

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Бебекжай-бақшада өткен семинар жайлар және откізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне талдау жасау. Қорытынды.
- 2.Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар
- 3.Топтардағы педагогикалық процесс пен ұйымдастырылған іс-әрекеттерге даярлықты бақылау

Тыңдалды: Менгеруші жаңындағы кеңесті бебекжай-бақша менгерушісі Булекбаева Жанарап Акбердіқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бебекжай әдіскері Бектемирова Акбота сөйлем: «Аудан көлемінде откізген әдіс алмасу семинары жоғары деңгейде өтті. Барлық топтардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттері биылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сай, заттық-дамытушы ортаны құру, оны қызығушылық орталықтарына бөлу, білім беру процесінде зерттеушілік, ұлттық, экологиялық тәрбиелерді байланыстыра балалардың түрлі әрекеттері ұйымдастырылып откізілді. Балалар өз ойларын анық, нақты жеткізе білді. Балалар барлық іс-әрекеттерге қызығып, белсене қатысып отырды.

Жарысқандар: менгеруші Булекбаева Жанарап Акбердіқызы аудандық семинар жоғары деңгейде өткенін айттып, аудандық білім бөлімі семинарда откізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспарлары аудан көлемінде таратылуын және откізген тәрбиешілердің еңбегі бағаланып, облыстық және аудандық білім бөлімдерінің мактау қағазына ұсынғандарын айтты.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бебекжай-бақшаның шаруа менгерушісі Арсланова Альмира сөйлем, көктем мезгіліндегі жұмыстардың барысымен таныстыруды. Гүл еgetін клумбалар аударылып өнделу, гүлдер егу, ағаштардың түбін қосытып әктеу т.б. жұмыстарды бірлесіп жасап, бебекжай ауласын көркейтуге шақырды.

Жарысқандар: бебекжай-бақша менгерушісі Булекбаева Жанарап Акбердіқызы бебекжай ауласы гүлденіп тұрса, балаларға да, ата- аналарға, қызметкерлерге қандай жақсы көңіл – күй сыйлайтынын толығырақ айтты.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бебекжай-бақша әдіскері Бектемирова Акбота топтардағы педагогикалық процесс пен ұйымдастырылған іс-әрекеттерге даярлықты бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе,

күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттердің өткізілуін бақылат жүргенін айтты. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекеттерге дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескеरту айтылды деп сөзін аяқтады

Менгеруші жаңындағы кеңестің шешімі:

1. Бөбекжай-бақшада өткен аудандық әдіс алмасу семинары жоғары деңгейде өткізілді деп бағалансын.
2. Көктем мезгіліндегі участкедегі жұмыстар бойынша кесте құрылыш, жұмыстар жүргізілсін.
3. Топтардағы педагогикалық процесс пен ұйымдастырылған іс-әрекеттерге даярлықты бақылау жалғастырылсын.

Бөбекжай-бақша-Министерүнің:

Хатшы:



Булекбаева Ж.А.

Бектемирова А.

Менгеруші жаңындағы кеңестің хаттамасы
№9 хаттама

Откізілген күні: 30 – мамыр 2024 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай-бақша менгерушісі Ж.А.Булекбаева, әдіскер, медбике, шаруа менгерушісі, бөбекжай-бақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері.

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі
2. Бөбекжай-бақшамен қоштасу ертеңгілінің өтілуі және дайындығы
3. «Балаларды қорғау күнін» ұйымдастыру мен өткізу
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібін бекіту

Жазғы сауықтыру шаралары:

- бассейнмен жабдықтау;
- Құмсалғыштарды құммен толтыру

Тәғамның сапасын, әртүрлілігін бақылау.

Тындалды: Менгеруші жаңындағы кеңесті бөбекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердікызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ортанғы «Балапан» тобының тәрбиешісі Наримбаева Улжалағас «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының мақсатымен таныстырып өтті. Таң қалдыру сәтінде Дымбілмес жол ережесін бұзғанын, жол сақшысы келіп балаларға және Дымбілмеске жол тәртібі туралы, жолда абай болу керек екені туралы түсіндіріп өткенін және жол тәртібіне байланысты қандай ойындар, жарыстар өтілгенін атап көрсетті. Бүгінгі өтілген ойын-сауықта балаларға қандай жол ережелерімен таныстағанын, қандай көрнекіліктер, жол ережелерінің белгілерін қолданғанын айтты.

Жарыссызге шыққандар: тәрбиеші Канапиянова Алия ойын-сауыққа көрнекіліктер, жол ережесіне байланысты ойындар, жол белгілері орынды қолданып, мақсатына жетті деп ойлаймын деді.

Тәрбиеші : Кудайбергенова Кулаш «Жолда жұру ережесі» жұмысында балалар жол тәртібінің ережелерімен, жолдан, ақжолақтан, бағдаршамнан өткенде абай болу керек екенін және өз өмірлерінің қауіпсіздігі үшін жол тәртібін сақтау керек екендерін түсінді деп ойлаймын. Балалар өте белсенді, қызығушылықпен ойын-сауыққа қатысты деп айтып өтті.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Мектепалды даярлық «Вишенка» тобының тәрбиешісі Серикбаева Гулнар сөйлеп, «Прощай, детский сад!» іс-шарасының сценариймен, барысымен таныстырыды. Қоштасуда балалар іс-шараға арнап дайындаған өнерлерін, билерін, әндерін, тақпақтарын айтып, қызықты ойындар ойнап, бөбекжайдың барлық қызметкерлеріне алғыстарын білдіреді. Ата-аналармен де ойындар ойнату ұйымдастырылуда деп толық айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: ересек «Звездочка» тобының тәрбиеші Шакирова Мәлдір сөйлеп, қоштасуда балалардың мектепке дайын екендерін көрсету мақсатында математика негіздері үйымдастырылған іс-әрекетінен әртүрлі тапсырмалар орындайтындары, дидактикалық ойындар қосылатыны өте жақсы екенін айтты.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Акбота сөйлеп, 1- маусым балаларды қорғау күніне арналған «Біз бақытты баламыз» атты ертенгілігі бөбекжайдың ауласында өтетінін, аула безендіріліп, балаларға балабакша атынан тәттілер дайындалатынын айтты. Ертенгіліктің сценариимен таныстырып, билер, әндер, түрлі қызықты ойындар ойнатылатынын айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай медбикесі Н.Потапова «1-маусым балаларды қорғау күніне» арналған ертенгіліктің бөбекжай ауласында өткенде санитариалық талаптарды қатаң сақтай отырып, барлық топтардың тәрбиешілері мен тәрбиеші көмекшілері балалардың қауіпсіздігін қадағалап, бөбекжай әкімшілігі тарағынан берілетін тәттілер мен дәрумендерді балалар абылап жегендерін қарауларын айтып өтті. Педагогтар ұсыныстарды түгел қабылдады.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Акбота жаз мезгілінің жоспарымен, күн тәртібімен, жаз мезгілінде өтілетін сауықтыру шаралармен таныстырды.

Педагогтар бекітілсін деп бір ауыздан қолдады.

Жарыссөзге шыққандар: шаруа менгерушісі Арсланова Альмира жаз мезгіліндегі тағамның сапасының әртүрлігі туралы, жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларына дайындық жүргізіліп жатқанын және участкедегі құмсалғыштар құммен толтырылып, жаз мезгіліне дайындықтар жүргізіліп жатқанын айтты.

Менгеруші жанындағы кеңестің шешімі:

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі жақсы деп бағалансын.
2. Бөбекжаймен қоштасу ертенгілінің дайындығы жүргізіліп, сценарийи бекітілсін.
3. «1 маусым -Балаларды қорғау күніне» арналған ертенгіліктің сценарийи бекітілсін.
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібі мен жоспары бекітілсін, жазғы сауықтыру шараларының арнаптап жүмыстар жүргізілсін.

Бөбекжай-бақша менгерушісі

Булекбаева Ж.А.

Хатшы:

Бектемирова А.

